



SARQAN

Ауданның қоғамдық-саяси апталық газеті

Газет 1933 жылғы мамырдан шығады

www.sarkan-gazeta.kz

e-mail: Igiman01@mail.ru

№42 (9491) 28 қазан 2022 ж.

Қайта түлеген Республика күні

«Мен Республика күніне ұлттық мереке мәртебесін қайтаруды ұсынамын. Сондықтан қазанның жиырма бесі күні жыл сайын Егемендік күнін еліміздің басты мерекесі ретінде атап өтуіміз керек». Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың Ұлытау өңірінде өткен Ұлттық құрылтайдың алғашқы отырысындағы осындай мәлімдемесінен кейін ұлттық мереке мәртебесін алған аталмыш мейрам 13 жылдан соң қайта тойлана бастады. 1990 жылы 25 қазанда «Қаз ССР-нің мемлекеттік егемендігі туралы» декларациясына қол қойылды. Тәуелсіздік, егемендік, бостандық сынды қастерлі сөздер еліміздің атауымен егіз айтыла бастаған аталмыш тарихи құжат шын мәнінде алғаш азаттыққа ұмтылыс болды, қоғамның іргетасы жаңарып, Қазақ елі жаңа белестерге ұмтылды. Қазақстан қиын өткелден өтіп, іргелі ел болуға бағыт алды. Білген жанға мәні зор, мағынасы ерекше осынау мерекені сарқандықтар да айрықша атап өтті. Аудандық мәдениет үйінде мәртебесі биік Қазақстан Республикасы күні ерекше салтанатпен аталып өтті.

Шара барысында аудан басшысы Ғалымжан Маманбаев жиылған қауымды құттықтап, Тәуелсіздік жылдары еліміздің жеткен жетістіктерін тарқата отырып, егемен еліміздің өркендеуіне өңірдің тұрғындары да өз үлестерін қосып, бүкіл елімізбен бірге ауданымыздың да ажарланып, дамып келетінін мақтанышпен айтып өтті.

"Баршаңызды еліміздегі ең ұлық мереке – Республика күнімен құттықтаймын! Бұл – қазақтың сан ғасырлық мемлекеттілік дәстүрі жаңғырған күн. Бұл – бостандық үшін күрескен бабалар арманы ақиқатқа айналған күн. 1990 жылы

25 қазанда Қазақстанның егемендігі туралы декларация қабылданды. Бұл құжат тәуелсіздігіміздің саяси-құқықтық негізін қалыптастырды. Бір сөзбен айтсақ, Декларация – еліміздің тәуелсіздік алуына жол ашқан ақжолтай құжат", - деді аудан әкімі.

Сондай-ақ шара барысында бірқатар жандар аудан әкімі Ғалымжан Қанатұлының қолынан марапат алды. Айрықша еңбектері мен қызметтері үшін үш адамға мемлекеттік наградалар тапсырылды. «Ерен Еңбегі үшін», «Шапағат» ордендері, Қазақстан Республикасының Құрмет грамотасынан бөлек облыс, аудан әкімдерінің құрмет және алғыс хаты өз иегерлерін тапты. Салтанат асқақ әуендер, әсем билермен ажарланып, патриоттық рухтағы мерекелік концертпен түйінделді.

Өз тілшіміз.

БАСПАСӨЗ – 2023

Ауданның қоғамдық-саяси "Сарқан" газетіне келесі жылға жазылу науқаны басталды.

**ЖЕКЕ ЖАЗЫЛУШЫЛАР ҮШІН
ИНДЕКСІ 65202, ЖЫЛДЫҚ
БАҒАСЫ - 3021,72 ТЕҢГЕ.**

**ЗЕЙНЕТКЕРЛЕР ҮШІН
ИНДЕКСІ 35202, ЖЫЛДЫҚ
БАҒАСЫ - 2225,08 ТЕҢГЕ.**

**МЕКЕМЕ-ҰЙЫМДАР ҮШІН
ИНДЕКСІ 15202, ЖЫЛДЫҚ
БАҒАСЫ - 3381,04 ТЕҢГЕ.**

Газетке Қазпошта бөлімшесінде, "Сарқан" газеті редакциясында жазылуға болады.

Жаңа стадион ел игілігіне



Аудан орталығындағы Ақын Сара атындағы орта мектептің стадионы заманауи үлгіде жаңарып, пайдалануға берілді. Стадионды қайта жаңғырту үшін жергілікті бюджеттен 59 млн. теңге қаражат жұмсалған. Республика күні қарсаңында аудан әкімі Ғалымжан Маманбаев аталмыш стадионның ашылу салтанатының лентасын қиып, жиылған жұртшылықты мерекемен құттықтады.

Жалпы алаңының көлемі 1800 шаршы метрды құрайтын стадион жасанды газон жабындысы төселген футбол алаңынан бөлек арнайы жүгіруге арналған резеңке жолағымен жабдықталған. Бұдан бөлек, баскетбол және стрит-воркаут алаңы да бар. Бұл жастардың салауатты өмір салтын ұстанып, спорттың барлық түрімен айналысуға зор мүмкіндік береді.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы елімізде бұқаралық спортпен шұғылдануды насихаттап қана қоймай, оның материалдық-техникалық базасын нығайтуына аса көңіл бөліп келеді. Осынау стадион осының бірі ғайы. Енді осы стадионда өзін шыңдап, ауданымыздың атағын асқақтатып, қазақ елі мақтан тұтатын чемпиондар шығады деп сенемін», - деді аудан әкімі Ғалымжан Қанатұлы жаңарған стадионның ашылу салтанатында. Жалпы соңғы жылдары Сарқан өңірінде спорт саласына айрықша көңіл бөлініп келеді. Биылғы жылдың өзінде ғана «Балалар жылы» аясында Сарқан қаласында және шалғай жатқан 5 ауылға заман талабына сай, стрит-воркаут, балаларға арналған алаңқай мен шағын және үлкен футбол стадиондары қолданысқа берілген.



Өз тілшіміз.

Қазақстан Республикам менің

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың ұсынысымен биылғы жылдан бастап Республика күні қайтадан ұлттық мереке ретінде аталып өтеді. Осыған орай Лепсі ауылдық Мәдениет үйінде «Қазақстан Республикам менің» атты концерттік бағдарлама өтті. Осы орайда Лепсі ауылдық кітапхана қызметкерлерінің ұйымдастыруымен «Менің Отаным - Тәуелсіз Қазақстан» атты кітап экспозициясы ұсынылды.

Аталмыш мерекемен жұртшылықты Лепсі ауылының әкімі Гүлнар Серікбаева, аудандық мәслихат депутаты Асхат Исаков құттықтап, береке - бірлік тіледі.

Көрменің «ҚАЗАҚСТАН: ӨЗГЕРІСТЕР АҒЫНЫ» атты алғашқы бөлімінде ұсынылған басылымдар Қазақстанның жаңа саяси тарихының негізгі, маңызды оқиғалары жайында баяндайды. Мұнда белгілі мемлекеттік қайраткерлер, тарихшылар, саясаттанушылардың еңбектері ұсынылды.

Экономикалық серпілістер және әлеуметтік саясаттағы жетістіктер көрменің «ЖАҢА ЭКОНОМИКА: ТҰРАҚТЫ ДАМУ» бөлімінде ұсынылған басылымдар бетінен көрініс табады. Бірегей



географиялық орналасуы мен пайдалы қазбалар қорының молдығымен еліміз экономика мен туризмді дамыту жолында айтарлықтай әлеуетке ие.

«ҰЛТ РУХЫ: БАБА ӨСИЕТІ МЕН ЖАРҚЫН ИДЕЯЛАР» бөлімі Ұла Дала мәдениетін мазмұны мен мәні жағынан ең бай мәдениеттердің бірі ретінде ұсынады. Сондай-ақ, көрмеде

соңғы жылдары жарық көрген қазақстандық авторлардың көркем әдеби шығармалары мен Қазақстанның жаңа тарихының инфографикасы ұсынылды.

Қазақстан жетістігі – бүкіл халықтың жетістігі, сол себепті әрбір қазақстандықтың бастамасы, білімі, күнделікті еңбегі – ортақ жарқын болашағымыздың көпірі.

Шара соңы ауылдық Мәдениет үйінің, №54 орта мектеп, К.Ушинский атындағы орта мектеп және Көжиде ауылының Ерікті орта мектептерінің бірлескен концерттік бағдарламасымен жалғасты.

Мадина АЙТОВА.
Асел МУКАШЕВА.
Лепсі ауылдық кітапханасы.



ЦИФРЛЫҚ КЕҢСЕ БӨЛІМШЕСІ АШЫЛДЫ

Республика күні мерекесіне орай, Сарқан қаласында Халыққа қызмет көрсету бөлімінде «Цифрлық кеңсе» бөлімшесі ашылды.

Бұл бастама Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Цифрлық Қазақстан» атты жобасы аясында қолдау тапты.

Аталған кеңсенің ашылу салтанаты «Азаматтарға арналған үкімет» коммерциялық емес акционерлік қоғамы төрағасының орынбасары Айнұр Тобаева және аудан әкімінің орынбасары Жомарт Мыңбаевтың қатысуымен орталық жаңа форматта іске қосылып, халық игілігі үшін жұмысын бастады.

Республика күні мерекесі қарсаңында ашылып отырған бөлімшенің басты мақсаты-қағазбастылықтан арылып, цифрлық форматта жұмыс жасауға қадам басу.

«Халыққа қызмет көрсету орталығын бірінші кезекте, азаматтарға ыңғайлы болу үшін түбегейлі жаңғыртудан өткізіп, қысқа мерзімде сапалы мемлекеттік қызмет алу үшін барлық қажетті жабдықтармен және цифрлық жүйелермен жабдықтадық», - деді ХҚК бөлім басшысы Сания Аблайханқызы.

Сонымен қатар, бұл орталыққа күніне жүзден астам адам келіп, түрлі қызметтер мен анықтамалар алады.

Айта кету керек, ауданымызда іске қосылған «Цифрлық кеңсе» бөлімшесі Жетісу облысында ең алғаш болып ашылып отыр.

Архивтік анықтамаларды, құжаттардың көшірмелерін немесе үзінділерді рәсімдеу тәртібі

Ұлттық архив қорының құжаттарын және басқа да архивтік құжаттарды мемлекеттік және арнаулы мемлекеттік архивтердің жинақтау, сақтау, есепке алу мен пайдалану қағидалары Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 20 қыркүйек №576 қаулысымен Архивтік анықтамаларды, архивтік құжаттардың көшірмелерін немесе архивтік үзінділерді рәсімдеу тәртібі.

Архивтік анықтама уәкілетті орган бекітетін нысан бойынша оқиғалардың хронологиялық дәйектілігімен жасалып, архивтік құжаттардың түрі мен олардың датасы көрсетіліп ресімделеді. Архивтік анықтамада архивтік құжаттардан цитаталар алуға рұқсат етіледі. Архивтік анықтамада деректер архивтік құжаттарда жазылуына сәйкес көшіріледі. Жекелеген архивтік құжаттардың деректерінде айырмашылықтың болуы, дәл келмеуі, атаулардың анық болмауы, атының, әкесінің атының, аты жөнінің болмауы немесе олардың біреуінің ғана болуы, түсініксіз жазылған, автор түзеткен, түпнұсқа мәтінінің бүлінуі салдарынан оқылмайтын тұстары архивтік анықтама мәтінінде жақшаның ішінде «Құжатта осылай», «Түпнұсқа мәтінінде осылай», «Мәтінде түсініксіз», «Тегі көрсетілмеген» деп ескертіледі.

Бір архивтің құжаттары бойынша анықталған жұмыс туралы, бірнеше ұйымдарда, оқу орындарында оқығаны туралы мәліметтер бір архивтік анықтамаға енгізіледі. Архивтік құжаттардың мазмұны бойынша өзгерістерге, түзетулерге, орындаушының түсініктемелеріне, өзіндік тұжырымдарына рұқсат етілмейді. Архивтік анықтамалар соңында архивтік шифрлер және архивтік құжаттардың сақтау бірлігі парақтарының нөмірі, архивтік анықтаманы жасау үшін қолданылған құжаттардың мәліметі көрсетіледі. Көлемі бір парақтан асатын архивтік анықтаманың парақтары тігіліп, нөмірленеді және архивтік мөрімен бекітіледі. Архивтік анықтамаға архивтің басшысы, орындаушы қол қояды және архивтік мөрімен куәландырылады. Мәлімет толық болмаған жағдайда себептері көрсетілген ілеспе хат жазылады. Сұранысты орындауға қажетті архивтік құжаттар архивте болмаған жағдайда, архивтің бланкісінде сұраныстың тақырыбы бойынша архивтік құжаттар болмауының себептері туралы жауап жазылады және қажетті архивтік құжаттардың болуы мүмкін орны туралы ұсынымдар беріледі.

Архивтік үзіндіде архивтік құжаттың атауы, оның нөмірі және датасы толық көрсетіледі. Архивтік құжаттардың мәтінінен үзіндіде сұраныс бойынша қолда бар барлық деректер алынады. Сұраныс бойынша берілген архивтік үзінділердің тең түпнұсқалылығы тиісті архив басшысының қолымен және архивтің мөрімен куәландырылады.

Архивтік көшірменің немесе архивтік үзіндінің мәтінінен кейін құжаттың архивтік шифрі және архивтік құжаттың сақтау бірлігі парақтарының нөмірі көрсетіледі. Егер көшірме немесе үзінді бір парақтан көп болса, архивтік шифр әр парақтың теріс жағына қойылады. Барлық парақтары бекітіледі, нөмірленеді, бекітілген жері архив басшысының қолымен және архивтің мөрімен куәландырылады.

Архивтік анықтамаларды, архивтік құжаттардың көшірмелерін немесе архивтік үзінділерді және сұратылып отырған мәліметтің жоқ екендігі туралы жауаптарды қоса алғанда, архив тікелей өтініш берушінің мекен жайына жолдайды.

Сарқан филиалында архивтік анықтамаларды, архивтік құжаттардың көшірмелерін немесе архивтік үзінділерді беру қолда бар барлық мәліметтерді толық уақытылы орындап, жауап берілуде.

Ж. УНЕРХАНОВА,
«Алматы облысының мемлекеттік архиві» КММ
Сарқан филиалының І-ші санаттағы архивісі.

Қазақстандағы шетелдіктер қандай медициналық көмекке жүгіне алады?

Шетел азаматтары айналасындағыларға қауіп төндіретін ауру диагнозы қойылса, барлығы медициналық көмек ала алады. Оның түрлері мен көлемдері ҚР ДСМ 2020 жылғы 9 қазандағы №121 бұйрығымен бекітілген. Медициналық көмек ТМҚКК қаражаты есебінен берілетін болады.

Шетелдіктер, ТМД елдерінің азаматтары кенеттен болған жағдайлар мен олардың өміріне немесе айналасындағылардың денсаулығына қауіп төндіретін аурулар, жазатайым оқиғалар, улану, жарақат алу, босану және жүктілік кезіндегі шұғыл жағдайлар кезінде жедел және шұғыл медициналық көмек ала алады.

Науқастың өміріне немесе айналасындағылардың денсаулығына қауіп төнген және оны тасымалдау мүмкін болған сәттен бастап медициналық көмек ақылы негізде көрсетіледі. Бұл жағдайда қаржыландыру ТМҚКК қаражаты есебінен болады. 2000 жылғы 29 ақпандағы N 320 ҚРҰК бекіткен Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің азаматтарына медициналық көмек көрсету туралы Келісім медициналық көмек алуға негіз болады.

Бірге тұратын, ЕАЭО елдерінің бірінің (Ресей, Белоруссия, Армения және Қырғызстан) азаматтары болып табылатын еңбекші көшіп-қонушылар және олардың отбасының жақын мүшелері (жұбайы/зайыбы, балалары) алдыңғы тармақтарда көрсетілгендерден басқа МӘМС жүйесінде сақтандырылған мәртебесі болған кезде медициналық көмекті ала алады.

МӘМС медициналық көмегін алу үшін шетелдіктерге алғашқы медициналық-санитариялық көмекке ерікті медициналық сақтандыру шарты қажет екенін білу маңызды. Келісім-шартқа ие бола отырып, мұндай шетелдіктер емханаға тіркеле алады.

Егер еңбек мигрантының отбасы мүшелері жұмысқа орналаспаса, онда олар дербес төлеушілер ретінде МӘМС-ке жарналар төлеуі тиіс. Балалар, жұмыс істемейтін жүкті әйелдер, мүгедектер, студенттер жеңілдік санатына кіріп, мемлекет есебінен сақтандырылуы мүмкін. Бұған Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарт негіз болады.

Бұл жағдайда медициналық көмек МӘМС, ЕМС қаражаты немесе шетелдіктердің жеке қаражаты есебінен қаржыландырылатын болады.

Қазақстанда тұруға ықтиярхаты бар шетелдіктер медициналық көмекті ҚР азаматтарымен тең алады, бұл дегеніміз- ТМҚКК және МӘМС көлемінде ала алады (сақтандырылу мәртебесі болған кезде).

Шетел азаматтарының бұл санаты жеңілдікке өнуі мүмкін. Негіздеме-Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы Кодекс (83-бап). Қаржыландыру ТМҚКК және МӘМС есебінен жүзеге асырылады.

"Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры" КЕАҚ
Жетісу облысы бойынша филиалы.

Мұра қабылдау мерзімі



Мұра қабылдау мерзімі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 1072-2 бабында көрсетілген, яғни мұра ашылған соң (адам қайтыс болған соң) алты айға дейінгі мерзім ішінде оның мұрагерлері - ата анасы, жұбайы, балалары немесе заңда көрсетілген басқа мұрагерлері нотариат кеңсесіне келіп, мұра қалдырушының

мұрасын қабылдайтыны немесе одан бас тартатыны туралы мәлімдеу керек. Егер мұрагер Сарқан ауданынан басқа жерде тұратын немесе жұмыс жасайтын болса ол өзінің баруына ыңғайлы кез келген нотариат кеңсесіне барып, мұраны қабылдау немесе мұрадан бас тарту туралы арызын жазып, нотариус арқылы куәландырып, Сарқан ауданындағы басқа мұрагерлерге немесе тікелей нотариат кеңсесіне пошта арқылы немесе электронды түрде жіберуіне болады. Ең бастысы бұл әрекеттердің барлығы мұра ашылған соң, яғни мұра қалдырушы қайтыс болғаннан кейін 6 айға дейінгі мерзім ішінде жасалуы керек. Егер мұра қабылдайтын тарап алты ай мерзімді өткізіп алса онда «мұра қабылдау мерзімін қалпына келтіру» деген әрекет басталады, ол сот шешімі арқылы жүзеге асады, сот алдын ала анықталған шарттар сақталғанда ғана арызды қанағаттандыру туралы шешім шығарады. Егер заңда көрсетілген мерзім сақталса, яғни азаматтар жақыны қайтыс болған соң 6 ай өтпей тұрып нотариат кеңсесіне келсе осы артық әрекеттерді жасаудың қажеттігі болмайды. Ал мұра қалдырушының атында үй- жай, техника, жер және басқа мүліктер қалып жатса және бұл мүліктердің құжаттары аяғына дейін тиісті түрде жасалмаса жағдай күрделене түседі. Қалай болғанда да мұрагерлердің мұра ашылған соң 6 ай мерзім өтпей тұрып нотариустан қажетті кеңес алуы керек, бұл оның уақытын да, қаражатын да сақтауына ықпал етеді.

А.АЛИЕВА,
нотариус.

РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР ӨМІРЛІК ҰСТАНЫМДАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРАДЫ

Адам баласының өмір сүру деңгейінде тұрақтылық, әсіресе ішкі тұрақтылық бірінші орындардың басын бастайды. Өмір сүруші, дүние есігін ашқаннан бастап, әлемді танып, дамуы жүйеленеді. Өмірге не үшін келдім, маған керекі не, өмір мәні секілді сұрақтарға жауап іздеу арқылы өмір жолын саралайды. Адамзатқа бір ақ рет берілетін, қайталанбайтын өмірді қалай дұрыс сүруіміз керек деген сияқты ойлар әрбір жанды мазалайтыны сөзсіз. Өмір жолында бағыт бағдар алу, айналадағы болып жатқан құбылыстардан басталып, адам өз ізденуімен жалғасады.

Дүниенің күрделі де, қиындық пен қуаныш, жақсылық пен жамандыққа толы құрылымын түсіну үшін, әр кез дамуда болу үшін адам баласына рухани құндылықтар аталмыш пайдасын тигізеді. Рухани құндылықтар адамзатты үнемі дамып, жетіліп отыру үшін қажет. Рухани құндылық-адамдардың ішкі құқығы, ізгілігі, ортамен қарым қатынасы, іс-әрекет көрсетудегі жүйелілігі, адами істері, иман, мейірімділік пен қайырымдылығы т.б. . Қоғаммен байланыс орнатып, әлеуметтік ортада өзін еркін ұстап, алтын орта ұстауы үшін, алдымен тәрбиелігімен, жеке ойымен, ақыл-парасатымен, талап-танымымен келуі тиіс.

Құндылық-адамның өзін-өзі тәрбиелеуі. Құндылықтар адам танымымен түрленеді, адам өскен сайын, білім, сана сезім, адами құндылықтары бірге дамып отыруы қажет. Материалдық қажеттілікпен бірге рухани құндылық бірге дамып отырса жан азығына айналады. Адамның рухани құндылықтарын, келесі бір адам бойындағы қасиеттерімен, іс-әрекетімен танып біледі. Өз қабілетін жетілдіру, адамды жақсы өмірге жетелейді. Рухани құндылық адам бойында қалай қалыптасады? Іздеу, оқу, білу, осы үш сөз арқылы да ұғынсақ болады рухилылық қайдан пайда болатынын. Адамның кітап оқып, ізденіп, көппен араласып, отбасында тәрбие алып, жаңашылдыққа құштар болса, ол рухани дамуын ешқашан тоқтатпайды. Отбасындағы тәлім тәрбие, салт-дәстүр санасы, ділі мен діні, адамдармен қарым-қатынас, психикалық ішкі тұрақтылық, мемлекеттік патриотизм, білім алуға құштарлық, ізденімпаздық осылардың барлығы шоғырланып рухани құндылықтарды құрайды.

Рухани құндылықтар бала тәрбиесінде, адамдардың ой өрісінің жақсы жақтарға өзгерісін қамтамасыз ету үшін басты құрал. Ұлттық, рухани құндылықтар ұлтымыз бен еліміздің қазынасы, өскелең ұрпаққа берер азығымыз. Жастардың бойында ең маңызды деген моральдық нормалар, әдет-ғұрып, адамгершілік, ар-ождан, адамға ізгілік әкелетін рухани құндылықтар және адами қасиеттерге тәрбиелеу алдыңғы қатар ұрпақтың еншісінде деген ойға жетелейді. Сол себепті, құндылықтар адамның жеке тұлға болып қалыптасуына үлкен ықпал етеді, өмірлік ұстанымдарын қалыптастыратынын ұмытпағанымыз абзал.

**Д.МЕЛІС,
дінтанушы.**

Мемлекеттік қызметті көрсету қағидалары

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2020 жылғы 29 мамырдағы № 159 бұйрығымен бекітілген қағиданың негізінде жеке және заңды тұлғаларға ұйымның хат бланкісінде жасалған архивтік анықтамалар - заңды күші бар құжат болып табылады.

Архивтік көшірме - архивтік құжаттағы мәтінді сөзбе – сөз көрсететін көшірме;

Архивтік үзінді – архивтік құжат мәтінінен белгілі бір фактіге, оқиғаға, адамға қатысты бөлігін сөзбе –сөз көрсететін құжат.

Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі - жеке және заңды тұлғалар «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамына, «электрондық үкімет» веб портал немесе көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттік корпорация арқылы жүгінген жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін Мемлекеттік корпорацияға мемлекеттік қызметті көрсету мерзіміне бір күн қалғанда жолданады. Портал арқылы жүгінген жағдайда мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін қағаз жеткізгіште алу үшін көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетіне» жолданады.

Құжаттар Мемлекеттік корпорациядан көрсетілетін қызметті берушіге келіп түскен сәттен бастап, сондай-ақ порталға жүгінгенде мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі 11 (он бір) жұмыс күні ішінде беріледі. Мемлекеттік сақтауда құжаттар болмаған жағдайда жауапты орындаушы 2 (екі) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті берушіде сақтауда сұратылған құжаттардың жоқ екендігі туралы хабарлама дайындалады.

Көрсетілетін қызметті беруші Заңның 5-бабының 2-тармағының 11 тармақшасына сәйкес ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органмен белгіленген тәртіппен мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді, мемлекеттік қызмет көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді.

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексіне сәйкес жұмыс кестесі: демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда сағат 9.00-ден 18.00 дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.00-ге дейін.

Сарқан филиалында қағидаға сәйкес жүгінушілердің өтініш-хаттары уақытылы орындалып, жауап беріледі.

**Ж.УНЕРХАНОВА,
«Алматы облысының мемлекеттік архиві» КММ
Сарқан филиалының І-ші санаттағы архивісі.**

ОРМАН, ТАУ-ДАЛА ӨРТТЕРІНЕН САҚ БОЛАЙЫҚ

Тілсіз келіп, тұтқиылдан тап беретін жаулардың бірі - өрт. Соңғы кезде еліміздің бірқатар өңірлерінде жиі өрт шығып жатқаны белгілі. Орман және дала өрттерінің алдын алу, оны болдырмауға бағытталған үгіт-насихат жұмыстары аудан көлеміндегі мекемелерде лекциялар, баяндамалар, аудандағы ауылдық округтер мен шаруа қожалықтарға таратылатын ескерту хаттар жатады. Орманға барар жолдарда, демалатын жерлерде, орман жұмыстары жүріп жатқан жерлерде аншлап паннолар, хабарламалар арқылы өрттен сақтандырулар шаралары жасалуы қажет. Алайда осыларды орман-тоғайлы жерлер маңында демалушылар ескере бермейді. Әр тұрғын мұндай ескертулерге байыппен қараса, халық байлығы орманды тілсіз жау өрттен қорғауға, аман сақтауға ықпалдарын тигізетіні анық.

Орман өрттерінің болуының негізгі себептері мыналар:

– сөндірілмеген шылым не сіріңке;

– аңшылықтың салдары. Олар атқан оқтан бықсып шөп жанып тұтанады;

– механизатор орманда өрт қауіпсіздігін сақтай бермейді. Тұтануға бейім майланған материалды тастап кетеді, техника



қауіпсіздігін бұзады, көліктің жанында шылым шегеді және т.б.;

– орманішінде болғандемалушылар, ауыл шаруашылығының жұмысшылары кепкен шөп, кесілген ағаш қалдықтары бар жерлерге от жағады;

– орман қоры жерлеріне жақын жерлердегі егістің орнын өртейді;

– күннің сәулесі мол түсетін жерлерге шынының сынығын тастап кетеді. Ал ол жандырғыш линза тәрізді күн сәулесінен қуат алып құрғақ шөптерді тұтандырады;

Орман өртін сөндіру оңай шаруа емес. Сондықтан оған жол бермеудің алғы шарттарын қатаң сақтау қажет.

Осы орайда, жылдағыдай «Жоңғар – Алатауы МҰТП»

РММ – нің қызметкерлері ұлттық парктің аумағына іргелес орналасқан елді – мекендер, ауыл тұрғындары, демалушылармен, жеке шаруа қожалықтардың басшыларымен «Өртке қарсы» бірнеше іс – шаралар ұйымдастырады. Осы іс-шаралардың көмегімен парк аумағында биылғы жыл да өрттен аман болды.

Табиғат берген байлықты сақтап, орман қорын қорғап, өсімін молайтуға көпшілік болып атсалысқандарыңызға мың алғыс!

**А.ОРАЗБАЕВ,
«Жоңғар Алатауы МҰТП»
РММ орман қорғау және
сақтау инженері.**

ҚАР БАРЫСЫ



Қар барысы – мысық тұқымдастардың ерекше өкілі. Олар кербез және биік тауларда мекендейді. Өкінішке орай, олар жойылып кетудің алдында тұр.

Қар барыстары 6 метрге дейінгі ұзындыққа және 3 метр биікке секіре алады. Қар барысы табылған ең биік жер теңіз деңгейінен шамамен 6 шақырым биік орналасқан.

Қар барысының тағы бір атауы – ілбіс. Ол түркі тілінен аударғанда «қар мысығы» деген мағынаны береді.

Қар барыстары бүгінгі күннің өзінде аз зерттелген. Себебі олардың мекендейтін ортасына жету қиын болғандықтан, көз келген зерттеуді қиындатады.

Қар барыстарының табаны – қысқа әрі бұлшық етті, ал құйрығы – ерекше ұзын. Ол қатты жүгірген немесе секірген кезде құйрығын «тізгін» ретінде пайдаланады. Ілбістердің ұзындығы 2 метрге дейін жетеді (құйрығымен қоса есептегенде). Таутандар (ұрғашы қар барысы – ред) жылына екі рет төлейді.

Қар барыстары адамдарға бірінші болып шабуылдамайды.

Қар барысы жүнінің түсінің арқасында қар

басқан тауларда көзге түсе бермейді.

Қар барыстарының қаншалықты ұзақ өмір сүретіні нақты белгісіз. Қазіргі зерттеулер олардың 20-25 жыл өмір сүретінін айтады.

Қар барыстары – көшпелілер. Олар мыңдаған шаршы шақырым аумақты үнемі кезіп жүре алады.

Қар барысы сырт көзге қабыланға ұқсайды. Алайда оның жүні сары емес, ақ түсті.

Қар барыстары көмейінің ерекшелігіне байланысты ырылдап, мияулап, ұли алмайды.

Қар барыстары жалғыз өмір сүреді. Олар тіршілік ететін аумағын қызғыштай қорғап, ешкімді

кіргізбейді. Он екі мемлекеттік аумағында қар барыстарының популяциясы қорғау мәртебесіне ие. Аландар (қар барысының баласы – ред) балалар сияқты биік төбешіктерден сырғанағанды жақсы көреді.

Қар барысы – ғаламшардағы биік тауларда өмір сүретін аңдардың бірі.

Барыстар түнде тіршілік етеді. Алайда қажет болған жағдайда күндіз де белсенділігін сақтай алады. Әдетте барыстар үңгірлерде немесе құздардың жарылған жерлерінде өзіне апан жасайды. Сол жерде олар күндіз ұйықтайды. Қар барыстарының көзі өте жақсы көреді. Қар барыстарының табаны үлкен болады. Барыстар қалың қармен жақсы жүре алады.

Қар барысы жойылып кетудің алдында тұрған аң ретінде Қызыл кітапқа енген.

Сол себептен 23 қазан – Халықаралық қар барысы күні ретінде аталып өтіледі.

**Н. МУСАБАЛАНОВ,
«Жоңғар-Алатауы МҰТП» РММ ЖДҚЖӨМ
бөлімінің аңшылықтанушы маманы.**

ЖЕРЛЕР МЕМЛЕКЕТ МЕНШІГІНЕ ҚАЙТАРЫЛДЫ



2022 жылдың наурызында "ЖЕТИСУ" ӘКК қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне сыртқы талдау жүргізілді. ӘКК қызметін талдау кезінде көптеген кемшіліктер мен тәуекелдердің, оның ішінде сыбайлас жемқорлықтың бар екендігі анықталды.

Осылайша, талдаумен "ЖЕТИСУ" ӘКК қызметінде ҚР жер заңнамасын бұзу фактілері анықталды:

- жергілікті атқарушы органдар ӘКК-ге көп қабатты тұрғын үйлердің құрылысына жер учаскелерін берді (ӘКК жарғысында мұндай құзырет жоқ, сондықтан Талдықорған қаласы әкімдігінің қаулылары жойылуға жатады).

- ӘКК жанындағы жер учаскелері нысаналы мақсаты бойынша 3 жылдан астам пайдаланылмайды (ҚР жер заңнамасына сәйкес алып қюға жатады).

Талдаудың көрсетілген қорытындылары жерді пайдалану және қорғау үшін уәкілетті органның актілерімен расталады.

Осыған байланысты Департамент облыс әкіміне жергілікті атқарушы органдардың шешімдерінің күшін жою және ӘКК жер учаскелерін мемлекеттік меншікке қайтару туралы мәселені қарау туралы хат жолдады.

Бүгінгі таңда Панфилов ауданындағы 3 жер учаскесі аудан әкімдігінің 07.10.2022 жылғы №378 қаулысымен мемлекеттік меншікке қайтарылды (3 учаскенің жалпы кадастрлық құны 503,2 млн. теңгені құрайды). Талдықорған қаласындағы жерлер бойынша әкімдік жер учаскелерін қайтару бойынша ұйымдастырушылық-әкімдік шараларды жүзеге асырады.

ҚАРА ОРМАНШЫ

Аубакиров Сәкен 15 мамыр 1933 жылы Талдықорған облысы, Андреев ауданы, Осиновка ауылында дүниеге келген. 1952 жылы әскер қатарына шақырылып, 1955 жылы Отан алдындағы борышын ақтап келіп, Осиновкадағы орман шаруашылығына орманшы болып жұмысқа тұрды. 1958 жылы отау құрып, отбасылы болды. Сол жылы Лепсі станциясына қоныс аударып, ол кезде Қаратал ауданы Үштөбе орман шаруашылығында орманшы (лесник) болып орналасты. Сол кезде ағамыз, қара атын мініп, қара формасын киіп орманнан шықпайтын. Табиғаттың таза ауасын жұтып, орманнан шықпағандықтан өңі де қара кісі болған. Сондықтан Сәкен ағамызды «Қара Сәкен» - деп атайтын.

1968-70 жылдары Лениногорск қаласында орман шаруашылығы техникумын оқып бітірді. Кейін Бөрлітөбе орман шаруашылығында орманшы болып жұмыс жасады. 1984 жылы денсаулығына байланысты зейнетке шығып, 1985 жылы дүниеден қайтқан.

Сәкен ағамыз адал еңбек етіп, бүкіл өмірін орман шаруашылығына арнаған, бірнеше медаль, мақтау қағаздарымен марапатталған.

Жұбайы Күләш екеуі 10 баланы дүниеге әкеліп, тәрбиелеген көпбалалы отбасы. Артында 5 ұлы, 4 қызы қалды.

Бөрлітөбе орман шаруашылығы коммуналдық мемлекеттік мекемесі Сарқан және Ақсу аудандарына қарасты жерлерге орналасқан Бөрлітөбе орман шаруашылығы өндірістік кәсіпорны Қазақстан Республикасы Экология және биоресурстар министрлігінің 02.06.1995 жылғы бұйрығымен Сарқан орман шаруашылығы өндірістік кәсіпорнына қарасты Бөрлітөбе және Талдықорған орман шаруашылығына қарасты Қоқан мемлекеттік қорығын қосу арқылы ұйымдастырылды. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 26.04.1996 жылы №52 Қаулысымен орман аң шаруашылығы болып қайта құрылымдалды.

Мекеме ұйымдастырылған 1995 жылдың маусым айынан бастап 2007 жылдың қазан айына дейін мекеме директоры қызметін атқарған Нұржігітов Оразалы. Жоғары білімді, Қазақ ауыл шаруашылығы институтының орман шаруашылығы бөлімін бітірген.

2007 жылдың қазан айынан бастап осы мекемеде 9 жылдан астам бас орманшы қызметтерін атқарған, жоғары білімді Алматы аграрлық университетінің орман шаруашылығы бөлімін бітірген Жанатбек Молдабайұлы Құрмашев 2018 жылдың сәуір айына дейін директорлық қызметін атқарып зейнеткерлік демалысқа шықты.

2018 жылдың сәуір айынан 2021 жылдың мамыр айына дейін Сабырбеков Үсен Медеубекұлы директорлық қызмет атқарды. Жоғары білімді Алматы аграрлық университетінің орман шаруашылығы бөлімін бітірген.

Қазіргі уақытта Жайлаубеков Ерден Аскарболатович Бөрлітөбе орман шаруашылығы коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры лауазымын атқаруда, жоғары білімді, Қызыл Ту орденді ауыл шаруашылық институтының орман шаруашылығы бөлімін бітірген.

30-қазан әлеуметтік қызметкер күні

Алғысымызды ақтарамыз

Балаларымызға құшақ ашқан,
Анасымен бірге нұрын шашқан.
Әр баланың көңіліне жаққан,
Әр баланың тілін тапқан.

Екі балама өз өнерін үйрете білген аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің мүмкіндігі шектеулі балаларға әлеуметтік көмек көрсету бөлімшесінің қызметкері Белесбаева Динараға осылайша рахметімізді айтып, келіп жеткен мейрамымен, кәсіби мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз! Балалармен жүрек жылуын бөлісіп, шынайы қарым-қатынасы үшін осынау әлеуметтік қызметкерге мың алғысымды білдіреміз!

Сымбат ИБРАИМОВА,
қызмет алушының ата - анасы.

Ризашылығымызды білдіреміз

Балаларымыздың көңілін жайландырып, тілін тауып, өз жұмысын көрсете алған, қызыма білгенін үйретіп жүрген әлеуметтік көмек көрсету бөлімшесінің қызметкері Түменбаева Айгүл Жаңабайқызына айрықша алғысымды білдіріп, кәсіби мерекелерімен шын жүректен құттықтаймын! Өз міндеттерін абыроймен атқарып, әрдайым осылай халық алғысын ала беріндер.

Нәргүл ШАЙМАРДАНОВА,
қызмет алушының ата - анасы.

Жақсының жақсылығын айтамыз

Дерт меңдеп, дауа іздегенде барлығымыздың дәрігерге жүгінетініміз анық. Иә, ауру азабын тартқан сәтте ажалға араша болатын ақ халатты жандардың еңбегі өлшеусіз ғой. Мұндайда уайым кешкен жүрекке сабыр сыйлайтын, күдікті сейілтіп, үмітті қайта жандырып, аурудан айықтыру үшін бар күш-жігерін аямайтын қолы алтын, жүрегі нұрлы ақ желеңді абзал жандарға қандай мақтау сөз айтсақ та артық етпейді. Қазақта «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» деген аталы сөз бар. Осы ретте ең алдымен дертіме шипа, жанымға қуат берген аудандық емхананың меңгерушісі Гүлсара Батырбекова, кардиолог Мәнсия Бахтыбаева, ауылдық дәрігерлік амбулаторияның аға медбикесі Жамал Доланбаева, мейіргер Мәди Ильясовқа және медбикелерге олардың кәсібилігі мен тілектестігі үшін зор алғысымды білдіремін.

Медициналық қызметкерлердің барлығы өз ісінің майталман шеберлері. Ұйымдастырушылық пен жауапкерліктері жоғары деңгейде. Медбикелер науқастарға өздерінің туғанындай қарайды. Жас



пен көріге, жалпы адамзаттың бәріне мейіріммен қарайтын, өзгенің өмірі үшін күресіп, көңіл шуағын сыйлайтын ақ желеңді абзал жандардың жылы сөздерінен ақ өзіңді бейнебір науқасыңнан айыққандай сезінесің.

Сіздер күн сайын көптеген адамдардың өмірлеріне араша түсіп келесіздер. Сіздердің жасап жатқан жақсылықтарыңыз екі еселеніп қайтсын. Барлықтарыңызға зор денсаулық, амандық және кәсіби табыс тілеймін.

Ұлжан МАЙТАСОВА,
Алмалы ауылы.

Қазақ тілі - ұлтымыздың жаны

Қазақ халқы ұлт болып қалыптасқалы бері, қазақ тілі өмір сүріп келеді. Тілдің иесі - кешегі қазақ, бүгінгі қазақ және болашақтағы қазақ болып мәңгілік болуы тиіс! Тіл - өткеннің ұрпаққа қалдырған аманаты, бүгінгі күннің абыройы, ертеңгі күннің көпірі.

XX ғасырдың басында ғұлама-ғалым Ахмет Байтұрсынұлы «Ұлттың жоғалуына себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы - тіл, сөзі жоғалған ұлттың өзі де жоғалады» деп еді. Еліміз тәуелсіздік жолының отыз бірінші жылына қадам басқан тарихи шақта, басқа елдермен иығын тең тіресер кезеңде тіліміздің қазіргі жайы кімді болмасын толғандырмай қоймайды. Адам баласы тек қана білім арқылы дүниенің құпия сырын ашады. Білімнен тағылым алып, болашағын болжап, келешегіне бағыт белгілейді. Білім алдымен тіл арқылы игеріледі.

Мемлекеттік тіл, яғни, қазақ тілі - әлемдегі алты мыңға жуық тілдердің ішіндегі қолдану өрісі жағынан жетпісінші, ал тіл байлығы мен көркемдігі, оралымдығы жағынан алғашқы ондықтар қатарындағы тіл. Сондай-ақ, ол дүние жүзіндегі ауызша және жазбаша тіл мәдениеті қалыптасқан алты жүз тілдің және мемлекеттік мәртебеге ие екі жүз тілдің қатарында тұр. Қазақстанда тұратын жүзден аса ұлт өкілдері Қазақстанның халқын, соның ішінде қазақ халқының тұрмыс-өдебиетін, әдет-ғұрпын, мәдениетін, әдебиетін, тілін білуі міндетті. Тілге деген құрмет - халыққа деген құрмет. Тілсіз халықтың, елдің өмір сүруі мүмкін емес. Әлем таныған ел болу үшін тіліміздің жұлдызын биіктетіп, жарқыратуымыз керек. Республикада мемлекеттік тіл ретінде бір ғана тіл - қазақ тіліне конституциялық мәртебе беріліп отыр. Қазақстан Республикасында қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде қызмет етуінің бірнеше алғы шарты бар. Атап айтқанда, сол тілді қолданушылардың санының жеткілікті болуы, табиғи және табиғи емес тілдік органдың болуы, республиканың барлық аймақтарына таралуы, қоғамдық өмірдің әр алуан саласында қызмет етуі және ауызша әрі жазбаша түрде қызмет етуі сияқты сыртқы факторлардың болуы, сондай-ақ қазақ тілінің құрылым-жүйесі жетілген, лексика-фразеологиялық қоры аса бай, ежелден келе жатқан жазба және ауызша дәстүрі бар ұлттық тілдердің бірі ретіндегі ішкі тілдік факторлардың болуы - қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде қызмет етуіне мүмкіндік береді.

Н.КАЛКЕЕВА,
Екіаша орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.

ҚАНША АДАМ МӘМС ЖҮЙЕСІНДЕ АЛДЫН АЛА БІР ЖЫЛҒА САҚТАНДЫРЫЛҒАН?

Сақтандыру мәртебесін алудың жаңа механизмін енгізу МӘМС жүйесіндегі көпшілік күткен және тиімді өзгерістердің бірі болып табылады. 5 қыркүйектен бастап бір жыл бұрын алдын ала сақтандырылу мүмкіндігі пайда болды. Бұл тұрғыда өткен 12 айдың қарызын өтеу міндетті емес. Бұл жаңашылдықты 2,6 мыңнан астам азамат пайдаланып үлгерді әрі оң бағалауда.

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорында атап өтілгендей, ағымдағы жылдың 5-қыркүйегінен бастап алдағы 12 айға МӘМС жарналарын төлеудің жаңа тетігі іске қосылды. Бұрын өткен 12 ай үшін жарналардың төленген болуы міндетті еді. Ал қазір жаңа әдісті таңдағанда өткен жылы төленбеген кезеңдер үшін төлеудің қажеті жоқ.

Қазан айының алғашқы жартысында 2600 астам азамат жаңа механизмді пайдаланды. Алматы, Астана қалалары және Алматы, Қарағанды, Түркістан және Жамбыл облыстарының тұрғындары бір жыл бұрын сақтандырылып, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру тізбесіне кіретін медициналық көмек алудың тиімділігін жоғары бағалады.

Жаңа механизм бойынша алдын ала бір жылға сақтандыру мәртебесін қалай алуға болады?

Әр айға жеке-жеке 3 000 теңгеден, яғни 12 төлем жасау керек. 12 айға 36 000



теңге шығады. Бұдан бөлек, ескеретін жайт, 12 айға бір төлеммен аударуға болмайды. Себебі жүйе әр айды бөлек есептейді.

МӘМС жарналарын екінші деңгейдегі кез келген банк, банктердің мобильді қосымшалары, жылдам төлем терминалдары және «Қазпошта» филиалдары арқылы төлеуге болады.

Мәртебе қашан пайда болады?

Егер МӘМС жүйесіндегі медициналық қызметтерді тұтынушының мәртебесі ағымдағы айдан бастап керек болса, онда ағымдағы айды қоса алғанда,

жарналарды 12 ай үшін төлеу қажет («Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы» ҚР Заңының 30-бабы, 7-тармағына сәйкес мәртебе жарналар төленген күннен бастап 12 айға беріледі).

Мысал: сіз қазан айында жарналарды 2022 жылдың қазанынан 2023 жылдың қыркүйегіне дейін төлейсіз. Сақтандыру мәртебесі қазан айында беріледі және барлық төленген кезеңге сақталады. Сонымен бірге, МӘМС аясында медициналық көмек алу мүмкіндігін сақтау үшін қосымша 3 ай кезең беріледі («МӘМС туралы» ҚР Заңының 5-бабы, 2-тармағына сәйкес). Алайда бұл берешекті жабу керек болады.

Егер мәртебе алдағы кезеңге қажет болса, онда жарналарды алдағы айдан бастап көрсетіп төлеу қажет.

Мысал: сіз қазан айында 2022 жылдың қарашасы мен 2023 жылдың қазаны аралығында жарналарды төлейсіз. Мәртебе 2022 жылдың 1 қарашасынан бастап пайда болады және барлық төленген кезеңге сақталады. Сонымен қатар, сіз қосымша 3 ай сақтандырылған боласыз. Бірақ сол 3 айдың қарызын жабу керек

болады.

«Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясы төлемдерді 2-3 күн ішінде өңдейтінін ескеру керек.

МӘМС мәртебесі қандай мүмкіндіктер береді?

Сақтандырылған азаматтар МӘМС пакетіне кіретін медициналық көмек алады. Оған салалық дәрігерлердің консультациялары, түрлі талдаулар мен диагностикалық тексерулер (рентген, УЗИ, КТ, МРТ және т.б.), жоспарлы емдеуге жатқызу, медициналық оңалту, жоғары технологиялық медициналық көмекті қолдана отырып емдеу, аурулардың алдын алу және диагностикалау кіреді.

Мәртебе мен төлемдерді тексеру

Төлемдердің болуы және келесі жылға мәртебенің берілуі туралы ақпаратты сақтандыру мәртебесі тексерілетін тәсілдер – Qoldau 24/7 мобильді қосымшасы, Қордың fms.kz ресми сайты немесе SaqtandyrBot Telegram арнасы арқылы алуға болады.

Төлемдер мен мәртебе туралы ресми құжатты eGov.kz электрондық үкімет порталынан «Медициналық қызметтерді тұтынушы ретінде қатысу туралы және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде аударымдардың және (немесе) жарналардың аударылған сомалары туралы ақпарат беру» мемлекеттік қызметі арқылы алуға болады.

"Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры" Алматы облысы бойынша филиалы.

Медицинский центр ХАК: Более 130 пациентам провели дорогостоящую операцию за счет медицинской страховки



В филиале ТОО «Медицинский центр ХАК» в городе Талдыкорган за 9 месяцев текущего года в рамках ОСМС оперативное лечение по полной замене коленного сустава получили 131 пациента на общую сумму 173 218 342 тенге.

В хирургическом отделении медицинского центра кроме хирургического профиля проводятся и травматологические операции «эндопротезирования коленного сустава» в рамках ОСМС. За медицинской помощью обращаются не только жители города Талдыкорган, но и из районов других районов и даже других областей Казахстана.

Так за 9 месяцев в плановом порядке из Жетысуской области прооперировано -116, из них 73 пациентов были из соседних районов. Жителям города Шымкент и ВКО проведено 10 подобных операций.

По словам врача-травматолога Станислава Сологубова проведение такой высоко-специализированной операции позволяет улучшать качество жизни людей и возвращать их к полноценному самостоятельному передвижению.

«Пациентке 1970 года рождения, жительнице Каратальского района, в нашем отделении проведена операция «эндопротезирование левого коленного сустава». Госпитализирована в плановом порядке с жалобами на болезненность в коленном суставе, ограничение движения, при ходьбе невыносимые боли. После проведения полной замены коленного сустава и достижения индикаторов эффективности оперативного лечения выписана с улучшением под наблюдение специалистов ПМСП по месту проживания», - поделился историей одного из пациента врач.

Как отмечает директор филиала Фонд социального медицинского страхования по области Жетісу Гульзия Таипова, с внедрением системы ОСМС количество таких жизненно необходимых и дорогостоящих операций с каждым годом увеличивается и становится доступной для всех нуждающихся в этой операции граждан.

**Майра ОРАЗАЛЫ,
руководитель Службы поддержки пациента и
внутреннего аудита ТОО «Медицинский центр ХАК».**

КІТАПХАНАШЫЛАРДЫ КӘСІБИ МЕРЕКЕМЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ

Биыл еліміздегі 19 мың кітапханашы тұңғыш рет кәсіби мерекені атап өтуде. Бұл мерекелік дата кітапханалардың жұмысын жандандырып, сала мамандарының беделін арттыру мақсатында Мәдениет және спорт министрлігінің бастамасымен бекітілді. Салтанатты іс-шара аясында Мәдениет және спорт министрі Дәурен Абаев кітапханашыларға «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісін табыстады және Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің Құрмет грамотасымен және Алғыс хаттарымен марапаттады.

«Мен еліміздегі 70 миллион дана кітап қорына қамқорлық танытып жүрген барша кітапханашыларды кәсіби мерекемен құттықтаймын. Менің ойымша, кітапхана ісінің қажеттілігіне және кітапхана ісінің күрделілігіне ешкім күмән келтірмейді. Дегенмен қоғам арасында «кітапханалардың ғасыры аяқталды, олардың қызметі қағаз тасығыштар дәуіріндегі атавизм ретінде ескіреді, интернет пен цифрлық трансформация арқасында қоғамдық кітапхананың орнын бір ғана смартфон баса алады» деген сынды теріс пікірлер бар. Мен мұндай пікірмен түбегейлі келіспеймін. Жалпы, технологияға көзсіз табыну мен цифрға деген соқыр сенім біздің ұрпақтың санасын құндылықтарға терең бойлауға мүмкіндік бермей, адастырады деп санаймын», – деді Дәурен Абаев.

Министрдің айтуынша, қазіргі заманғы көпшілік кітапхананың функционалдығы



кітаптарды сақтау, жүйелеу, цифрландыру және оқырмандарға ұсыну шеңберінен әлдеқайда көп бағытты қамтиды. Бұл ретте МСМ кітапханалар жұмысының жаңа қағидаттары мен стандарттарын кезең-кезеңімен енгізумен айналысуға дайын.

«Кітапхана – бұл білімге үңіліп, саналы түрде, жайлы ортада оқуға келетін ғибадатхана. Біз күнделікті күйбең тірлік қарбаластан арылып, руханият әлеміне енуге мүмкіндік туғызатын қастерлі орын. Сондықтан біз кітапхана ісін қолдайтын боламыз. Бұл біздің берік ұстанымымыз», – деп түйіндеді министр.

Айта кетейік, елімізде 11 мыңнан астам кітапхана жұмыс істейді. Оның 7 мыңнан астамы білім беру жүйесіне қарасты, 3 мыңнан астамы мәдениет және спорт саласына қарасты.

ҚР МСМ баспасөз қызметі.

Рубрика 5 вопросов ЕНПФ отвечает на актуальные вопросы



ЕНПФ

ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫ / ПЕНСИОННЫЙ ФОНД

1) Здравствуйте! Я три года назад перевёл свои пенсионные накопления в страховую организацию, подскажите, я могу вернуть часть этих денег?

Согласно Закону Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам регулирования и развития страхового рынка и рынка ценных бумаг, банковской деятельности» вводится ряд изменений в нормативные правовые акты, в том числе с 12 сентября 2022 года в статью 60 Закона Республики Казахстан «О пенсионном обеспечении в Республике Казахстан» (далее – Закон).

Пунктом 14 статьи 60 Закона установлено, что лица, заключившие договор пенсионного аннуитета, вправе не ранее двух лет с даты его заключения обратиться в страховую организацию с заявлением об изменении условий договора в части уменьшения размера страховых выплат и возврата денег в ЕНПФ. Сумма денег, подлежащая возврату в ЕНПФ, равна разнице между выкупной суммой по договору пенсионного аннуитета на дату внесения в него изменений и суммой страховой премии, рассчитанной исходя из размера выплаты, определенного пунктом 2 статьи 59 Закона, на дату внесения изменений в договор пенсионного аннуитета.

Другими словами, в страховой организации должна остаться сумма, обеспечивающая пожизненно размер месячной страховой выплаты не ниже 70 процентов от величины прожиточного минимума, действующей на дату внесения изменений в договор пенсионного аннуитета.

Подчеркнём, что действие данного пункта распространяется также на правоотношения, возникшие из договоров пенсионного аннуитета, заключенных до введения в действие Закона.

Для осуществления возврата денег в ЕНПФ вкладчику (получателю) следует обратиться в страховую организацию, с которой вкладчиком (получателем) заключен договор пенсионного аннуитета, с заявлением об изменении условий договора в части уменьшения размера страховых выплат и возврата денег в ЕНПФ.

2) Добрый день, я являюсь действующим пенсионером и имею пенсионные накопления выше порога достаточности, могу ли я сейчас изъять пенсионные накопления для лечения?

Согласно пункту 1 статьи 30 Закона (Закон Республики Казахстан «О пенсионном обеспечении в Республике Казахстан») пенсионные выплаты из ЕНПФ осуществляются из пенсионных накоплений, сформированных за счет обязательных пенсионных взносов (ОПВ), обязательных профессиональных пенсионных взносов (ОППВ), в виде ежемесячных пенсионных выплат по установленному графику и (или) страховых выплат из страховой организации в соответствии с договором пенсионного аннуитета за счет пенсионных накоплений, а также в виде единовременных пенсионных выплат в целях улучшения жилищных условий и (или) оплаты лечения лицам, указанным в пункте 1-1 статьи 31, в пункте 1-1 статьи 32 Закона.

Так, пунктом 1-1 статьи 31 и пунктом 1-1 статьи 32 Закона предусмотрено, что право на единовременные пенсионные

выплаты за счет ОПВ и (или) ОППВ в том числе в целях оплаты лечения для себя или супруга (супруги), или близких родственников имеют лица, имеющие пенсионные накопления в ЕНПФ, при наличии одного из следующих условий:

если сумма пенсионных накоплений за счет ОПВ и (или) ОППВ, имеющаяся на индивидуальном пенсионном счете (ИПС) вкладчика, превышает порог минимальной достаточности пенсионных накоплений;

если размер пенсии, а для судей в отставке сумма ежемесячного содержания обеспечивает коэффициент замещения среднемесячного дохода получателя на уровне не ниже 40 процентов, определяемого в порядке, определенном Правительством Республики Казахстан;

если вкладчиком заключен договор пенсионного аннуитета со страховой организацией.

При этом следует отметить, что Правилами использования единовременных пенсионных выплат на лечение, регламентирующими порядок использования единовременных пенсионных выплат на лечение, установлен в том числе перечень медицинских услуг, оплачиваемых за счет единовременных пенсионных выплат, который включает в себя:

- лечение орфанных заболеваний;
- стоматологические услуги;
- реконструктивные и восстановительные операции (пластические);
- радионуклидное лечение и радиойодотерапию;
- радиохирургическое лечение;
- протонную терапию;
- офтальмологические услуги.

Учитывая изложенное, в случае, если Вы относитесь к одной из вышеуказанных категорий, Вы имеете право на единовременные пенсионные выплаты.

Сведения о сумме пенсионных накоплений, доступной для изъятия, Вы можете увидеть в выписке с ИПС, которую можно просмотреть в личном кабинете на сайте и мобильном приложении ЕНПФ (отметим, что сумма доступная для изъятия отражается автоматически), либо на сайте или приложении электронного правительства.

3) Доброго времени суток! Могу ли я получить услуги ЕНПФ без удостоверения личности, а с его цифровой копией?

Да, сегодня отдельные пенсионные услуги также можно получить без предъявления удостоверения личности. Для этого достаточно иметь его цифровую (электронную) версию на смартфоне в приложении eGovMobile.

Такую возможность имеют только граждане Республики Казахстан и только при личном обращении непосредственно в офис ЕНПФ.

4) Добрый день! Мой супруг является гражданином Турции, но продолжает работать в Казахстане и имеет накопления в ЕНПФ, подскажите, может ли он воспользоваться своими деньгами сверх порога достаточности на лечение зубов?

В соответствии со статьей 2 Закона Республики Казахстан «О пенсионном обеспечении в Республике Казахстан» иностранцы, постоянно проживающие на территории Республики Казахстан, пользуются правом на пенсионное обеспечение наравне с гражданами Республики Казахстан, если иное не предусмотрено законами и международными договорами.

Согласно подпункту 14) статьи 1 Закона Республики Казахстан «О документах, удостоверяющих личность» документом, удостоверяющим личность иностранца на территории Республики Казахстан и подтверждающим получение им разрешения на постоянное проживание в Республике Казахстан является вид на жительство иностранца в Республике Казахстан (ВНЖ).

Следовательно, иностранцы, постоянно проживающие в Республике Казахстан, подтверждающие факт постоянного проживания в Республике Казахстан наличием ВНЖ, имеют право на использование части пенсионных накоплений (при их наличии) в целях улучшения жилищных условий и (или) оплаты лечения, а также для передачи в доверительное управление управляющему инвестиционным портфелем при соответствии требованиям, установленным законодательством.

Так, пунктом 1-1 статьи 31 и пунктом 1-1 статьи 32 Закона предусмотрено, что право на единовременные пенсионные выплаты за счет ОПВ и (или) ОППВ в том числе в целях оплаты лечения для себя или супруга (супруги), или близких родственников имеют лица, имеющие пенсионные накопления в ЕНПФ, при наличии одного из следующих условий:

если сумма пенсионных накоплений за счет ОПВ и (или) ОППВ, имеющаяся на индивидуальном пенсионном счете (ИПС) вкладчика, превышает порог минимальной достаточности пенсионных накоплений;

если размер пенсии, а для судей в отставке сумма ежемесячного содержания обеспечивает коэффициент замещения среднемесячного дохода получателя на уровне не ниже 40 процентов, определяемого в порядке, определенном Правительством Республики Казахстан;

если вкладчиком заключен договор пенсионного аннуитета со страховой организацией.

5) Здравствуйте! Я являюсь гражданином России, но в

связи с геополитической ситуацией проживаю и работаю в Казахстане, каким образом решается вопрос моего пенсионного обеспечения, если я не сменил своё гражданство?

В соответствии с пунктом 3 статьи 98 Договора о ЕАЭС от 29.05.2014г. пенсионное обеспечение трудящихся государств-членов ЕАЭС и членов семьи регулируется законодательством государства постоянного проживания, а также в соответствии с отдельным международным договором между государствами-членами ЕАЭС. Таким международным договором является Соглашение о пенсионном обеспечении трудящихся государств-членов Евразийского экономического союза от 20 декабря 2019 года (далее – Соглашение), вступившее в силу с 1 января 2021 года.

Основной целью Соглашения является формирование пенсионных прав трудящихся государств-членов ЕАЭС на тех же условиях и в том же порядке, что и граждан государства трудоустройства, то есть каждое государство-член ЕАЭС должно гарантировать гражданам других государств-членов ЕАЭС объем прав на пенсионное обеспечение, равный объему прав, предоставляемому своим гражданам на аналогичных условиях.

Таким образом, если Вы в качестве гражданина РФ временно осуществляете трудовую деятельность на территории Казахстана на основании трудового или гражданско-правового договора, заключенного с работодателем Казахстана, то работодатель обязан при начислении Вам дохода удерживать и перечислять пенсионные взносы (ОПВ/ОППВ) в ЕНПФ. При этом индивидуальные пенсионные счета (ИПС) для учета ОПВ и ОППВ открываются в ЕНПФ автоматически при зачислении первичной суммы ОПВ/ОППВ, поступившей от работодателя.

В случае расторжения трудового договора или гражданско-правового договора с работодателем право на пенсионные выплаты из ЕНПФ у Вас возникнет только при наступлении условий, предусмотренных подпунктом 2.3 пункта 2 статьи 2 Соглашения, а именно:

1) по достижении пенсионного возраста;

2) при установлении инвалидности первой и второй групп, если инвалидность установлена бессрочно.

При этом при возникновении вышеуказанных условий Вы будете вправе обратиться за пенсионной выплатой в ЕНПФ, который является компетентным органом в Казахстане по реализации Соглашения, либо в компетентный орган государства проживания, например, в Пенсионный фонд Российской Федерации с предоставлением документов, установленных законодательством Республики Казахстан.

ЖОЛДАУ ЗОР ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖҮКТЕЙДІ

Жақында Қазақстан Республикасының Президенттігіне кандидат Қасым-Жомарт Тоқаевтың аудандық штаб мүшелері Айман Қарамолдинова, Жамал Доланбаева аудандық "Қазпошта" ұжымының қызметкерлерімен кездесті. Кездесу барысында аталмыш штаб мүшелері Мемлекет басшысының биылғы жаңа Жолдауындағы бес бағыт жүктейтін мақсаттар мен міндеттерді тарқатып айтып, Әділетті Қазақстанды құру



өз қолымызда екендігіне тоқталды. Жолдаудағы әрбір бағыт кемел келешекке жол ашатындығын жеткізіп, оны жүзеге асыру зор жауапкершілік жүктейтіндігін атап өтті. Сонымен қатар мемлекетіміз үшін тарихи маңызы бар саяси науқан – сайлау кезінде азаматтық белсенділік танытып, сайлауды лайықты өткізуге атсалысу қажет екендігін жеткізді.

Сондай-ақ штаб мүшелері елдегі саяси дамуды өзгерту азаматтардың сайлауалды әрекеттеріне тығыз байланысты екендігін айтып, ауызбіршілік, ұйымшылдық танытуға шақырып, ұжым қызметкерлері тарапынан түскен сауалдарға жауап берді.

Тағзым

Шөкмің бе, қара нарым!



Жуырда Қарауылтөбедегі өзің жатқан қорымға бардым, Рахымжан дос! Мәңгілік қонысында сен дамылдағалы он жылға жуықтап қалды. Қасыңда өзіңнен бес ай бұрын ғана жол апатына ұшырап, тірлік сапары шектелген асыл жарың Бақтыбала жатыр. Бір-біріңді тірлікте де іздеп жүруші едіңдер, о дүниеге де бір-біріңнен кейін іле-шала аттандыңдар. Қайда асықтыңдар екен?..

Алмалыға жақындағанда үйіңнің жанынан өтеміз. Бәрі баяғыдай, өздеріңнің құтты мекендерің де, қора-жайларың да, айналасындағы тал-теректер де. Тек алдымыздан арсалаңдап өздерің шықпайсыңдар. Жанымызға шуақ шашатын сенің өзілің жоқ, Бақтыбаланың ақ жарқын күлкісі жоқ. Базархан да құрбысының емен-жарқын мінезін сағынады, ескі таныстар бас қосқанда міндетті түрде өздеріңді сағынышпен, аңсаумен еске алып отырады.

Екеуің де сауда саласында қызмет атқардыңдар. Бірді екі қылатын талпыныстарың, еңбекқорлықтарың сендердің бақуатты тұрмыстарыңа негіз қалады. Кейіннен кәсіптерің де өрге домалады. Сандаған адамға жұмыс тауып беріп, төңіректеріңе жақсылықтарыңды аяған жоқсыңдар. Сол ізгі істерің, жарқын іздерің жалғыз қыздарың Айжан мен одан өрбіген екі немереңе жұғысты болғай!

Жақсылыққа, жаңалыққа жақын едің, досым. Бізге үлгі боп үй де салдың, үйдің жылуын да заманауи сипатта жасатып, қолға алған ісіңнің бәрін жайнатып жіберетінсің. Қонақ күткенің қандай еді, сондықтан болар үйіңнен мейман арылмады, тірлігінде қаумалаған достардан кенде болған жоқсың. Барлығының да көкейінде өмір парағын ертерек жапқан екеуіңнің есімдерің ұмытылмастай жатталып қалғаны анық.

Атыңа затың сай, рахымы мол жан едің, достым! Ашық, шынайы, мәрт болмысыңның астарында достарың мен жақындарыңа жанашырлық, айналаңа деген адалдық бұғып жататын. Екеуіңнің бір-біріңе жарасымды бейнелерің мәңгілік жадымызда сақталады. Жандарың жәннатта шалқысын!

Дәулет АЛМАҒАМБЕТОВ.
Талдықорған қаласы.

Сарқан ауданының әкімдігі, аудандық мәслихат және аудандық ардагерлер кеңесі аудан әкімі Ғалымжан Қанатұлына аяулы анасы

Мүсәлімова Рахимаш Мүсәлімқызының

мезгілсіз қайтыс болуына байланысты отбасының қайғысын бөлісіп, қайғыра көңіл айтады.



Ардагерлерге құрмет көрсетті

Республика күні қарсаңында Ауған және локалдік соғыс ардагерлер ұйым мүшелері Ұлы Отан соғысы ардагерлерін атаулы мерекемен құттықтады. Аталмыш ұйым мүшелері Әлібек Ерболаев, Аманжол Шегебаев және Ерболсын Тоқжігітов Отан үшін от кешкен майдангерлердің үйлеріне арнайы барып, сый-сияпат көрсетті. Өмірі ерлікпен өрілген, ғұмыры жас ұрпаққа өнеге толы ардагерлер дастархан басында емен-жарқын әңгіме өрбітіп, ризашылықтарын білдірді.

Өз тілшіміз.

Менің сүйікті ұстазым



Ұстаз - ұлағатты есім. Шынымен-де «Ұстаз» сөзінің астарында ерекше мән - мағына жатыр. Білім, ғылым, сүйіспеншілік, мейірбандық, адалдық, талапшылдық...

Өр оқушының болашақта керемет мамандық иесінің болуына себепкер де ұстаз. Ұстаз қандай болсын оны сыйлап, құрметтеу керек. Себебі ол сенің екінші анаң, сені бар жан-тәнімен оқытты. Мен өзімнің барлық ұстаздарымды жақсы көремін, ешқайсысын бөліп жармаймын. Бірақ сонда да әр шәкірттің өзіне жақын тартатын, сүйікті ұстазы болады. Мысалға

менің сүйікті ұстазым тарих пәнінің мұғалімі Жусупова Халима апай. Ол кісі ақылшыл, үлгі - өнеге тұтатын ұстаз. Оқушылардың сабаққа деген зейінін ашады, өзінің бар білгенін үйретеді. Тура осылай басқа ұстаздардың да өз ерекшелігі болады.

Ұстаз біздің білімімізді ғана жетілдіріп қоймай, біздің рухани байлығымызды байытып, тәртібімізді түзейді, яғни ата - анамыздан кейінгі бізге ақыл, ой, адамгершілік, әдептілік, ар - ұят, ұлттық сана сезімімізді сіңіруші адам. Менің ойымша кез-келген адам ұстаз бола алмайды, себебі ұстаздық өнер-тағылымы терең өнер, ал өнерлі болу кез - келген адамға қона бермейді. «Шәкіртсіз ұстаз тұл» деген тегін айтылмаса керек, себебі шәкірт өнер, білім, әдеп тәрбие, кәсіп үйреткен адамның алдында өзін өмір бойы қарыздармын деп санап, қайда жүрсе де сыйлап, ардақтап өтеді.

Инжу СЫДЫҚ,

М.Мәметова атындағы орта мектебінің 7-сынып оқушысы.

ХАБАРЛАНДЫРУ ОБЪЯВЛЕНИЕ

Орталықтағы жақсы үй сатылады, ішінде ыстық, суық су, душ, дәретхана, Аристон бар. Жазғы ас үй (екінші үй) де бар. Гараж, монша салынған. Қос учаске – 14 сотық. Суаруы өте жақсы. **Хабарласыңыздар Жамбыл көшесі №18 (полициядан 2 квартал жоғары), тел.2-13-54, ұялы. 8700 2786020.**

Продам благоустроенный дом в центре, имеется горячая, холодная вода, душевая кабина, туалет, Аристон. Летняя кухня (второй дом). Гараж, баня, все хоз.постройки. Сдвоенный участок 14 соток. Полив отличный. **Обращаться ул. Жамбыла №18 (2 квартала выше полиции), тел.2-13-54, сот. 8700 2786020.**

Продам 2-х комнатную квартиру в центре города. Обращаться сот. 8701 7684703.

Газеттің электронды нұсқасын <https://sarkan-gazeta.kz/> желілік басылымы сайтынан және



<https://www.facebook.com/Сарқан-газеті>,



<https://www.instagram.com/sarkangazeti/> әлеуметтік желілерінен оқи аласыздар.

Меншік иесі: "Сарқан газеті" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі



Құрылтайшысы:
Директор - бас редактор
ИГІМАН Жомарт Мақатұлы

Газет Қазақстан Республикасы ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2019 жылғы 30 қазанда тіркеліп, №KZ46VPY00016564 куәлігі берілген.

Редакцияның мекен-жайы:
041500 Сарқан қаласы Тәуелсіздік көшесі, 117
Телефон: 2-20-47, 2-23-53
e-mail:
lgiman01@mail.ru

Таралымы: 3048
Осы шығарылымның таралымы: 3048
Газет индексі: 35202,15202
Офсеттік басылым 1 баспа табақ
Газет аптасына бір рет жұма күні қазақ және орыс тілдерінде шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мәтініне жарнама беруші жауапты.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

Газет «Ербол - Али» ЖШС баспаханасында (Тәуелсіздік, 108) басылады.